

Бекітемін:   
ЖШС «Нурджигит» ЖШС-нің жеке бөбекжайы  
менгерушісі А.С. Мухамбетова  
Педагогикалық кеңес  
2023 жыл



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқужылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

## Түсінік хат

Бұл перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы басшылыққа алынып құрылды.

Ересек тобына арналған перспективалық жоспарда балалардың физикалық қасиеттерін, коммуникативті-тілдік, танымдық-зияткерлік, шығармашылық-зерттеу іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Қазақ халқының негізгі құндылықтары: отбасылық құндылықтарына, Отанға деген сүйіспеншілікке баулу міндеттеледі.

Перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере, ауызекі сөйлеуге, сөздік қорды толықтыруға үйрету; балалардың сыни ойлауын, коммуникативті-тілдік күзінеттіліктерін, креативтілігін және командада жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру көзделді.

Білім беру ұйымы : ЖШС «Нурджигит», «Babi» жеке бөбекжайы

Тобы «Болашақ» мектепалды тобы

Балалардың жасы 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы 2023жыл

Қаңтар	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Артикуляциялық жаттығулар жасау. <b>Сөздік қор.</b> Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. <b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті.</b> Сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> Артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық танытады; қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдана алады; Сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдана алады; Шағын әңгімелерді құрастыра алады; Сөйлегенде бейнелі сөздерді қолданады;</p>
	<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> Рөлдерге кейіпкерлердің көңіл күйі мен мінезі, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді;</p>
	<b>Сауат ашу</b>	<p>Сөйлемді ауызша талдау: <b>Күтілетін нәтижелер:</b> Сөйлемдерге ауызша талдау жасай алады;</p>

**Математика негіздері**

**Жиын.**

Жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.

**Сан және санау.**

«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.

**Шама.**

Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру.

**Геометриялық фигуралар.**

Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.

**Кеңістікті бағдарлау.**

Шыдамдылық, ұқыптылық, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

Жиынның бөліктерін санау, бір-біріне қатынасы негізінде салыстырады;

«Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді;

Қоршаған ортада геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтайды;

Шыдамдылық, ұқыптылық, сенімділікпен орындайды;

**Қоршаған ортамен таныстыру**

**Бала, оның отбасы, үйі.**

Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.

**Көлік, байланыс құралдары.**

Теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

**Еңбекке баулу.**

Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.

**Табиғатпен таныстыру.**

(Маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.

**Өсімдіктер әлемі.**

Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі.

**Жануарлар әлемі.**

Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

**Күтілетін нәтижелер:**

Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді;

Теледидардың қолдануын, оларды қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтайды;

Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтейді, үлкенді сыйлайды, олардың еңбегін бағалайды;

Өсімдіктерді бақылап, себеп-салдарлық байланыстырады ажыратады;

Өсімдіктерге күтім жасау әдістерін біледі;

Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратады, құстардың пайдасын біледі, оларға қамқорлық жасайды.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>          Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p><b>Сөздік қор.</b>          Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>          Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>          Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттердің ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауға үйрету.</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті</b>          өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b>          артикуляциялық жаттығуларды жасауға қызығушылық таныта алады          зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен байланыстырып айта алады.          хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді қолдана біледі.          негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды, өз пікірін айта алады          сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап бере біледі</p>

<b>Көркем әдебиет</b>	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіре алады
<b>Сауат ашу негіздері</b>	жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастыра алады
<b>Математика негіздері</b>	<b>Жиын:</b> жиынның бөліктерін санау <b>Сан, санау:</b> 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, <b>Шама:</b> Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру <b>Геометриялық пішіндер:</b> Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту <b>Кеңістікте бағдарлау.</b> қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, <b>Уақытты бағдарлау.</b> Нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету <b>Күтілетін нәтижелер:</b> жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіре алады 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санай біледі заттарды салыстыруда беттестіру, қасына қою және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана алады қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін ажырата алады заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын анықтай алады түрлі сызықтарды сала біледі

	<p><b>Қоршаған ортамен танысу.</b></p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын айта білуге дағдыландыру</p> <p><b>Заттық әлем:</b> Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау</p> <p><b>Көлік байланыс құралдары</b> ұялы телефон, смартфон</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Жол қозғалыс ережелері:</b> «Автобус аялдамасы»</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру</b> Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b> өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттілігі</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b> Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады);</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> туыстық байланыстарды түсінеді, жеті атасын біледі заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтай алады ұялы телефон, смартфон қолданылуын біледі; айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсінеді мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсінеді, оларға белсенділікпен қатыса алады арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы біледі өсімдіктерге күтім жасау әдістерін игерді жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыра алады</p>
--	--	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын қалыптастыру</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> табиғат құбылыстарын сипаттау</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті</b> сөйлегенде бейнелі сөздерді қолдану</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Сөйлегенде дауыс қарқынын сақтап интонациялық мәнерін қолдана алады сөйлегенде зат есімдерді, сын есімдерді, көп мағыналы сөздерді қолдана алады зат есімдермен байланыстырып айта біледі Табиғат құбылыстарының ерекшелігін бақылай алады. Сөйлегенде бейнелі сөздерді қолдана алады.</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтап сөйлем құрастыра алады.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтарды жатқа айта алады</p>

**Математика негіздері**

**Жиын:**

бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату

**Сан, санау:**

саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару

**Шама:**

заттарды салыстыру,

**Геометриялық пішіндер:**

қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу

**Кеңістікте бағдарлау.**

жоғарыдан төменге, алға, артқа.

**Уақытты бағдарлау.**

тік және көлбеу таяқшаларды

**Күтілетін нәтижелер:**

жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіре алады

теңсіздіктен теңдік немесе теңдіктен теңсіздік шығара біледі

заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастырады;

заттарды кеңістікте орналастырады, қозғалыс бағыттарын біледі;

кеңістікті бағдарлай алады.

Тік және көлбеу таяқшаларды қолдана біледі

<p>Қоршаған ортамен танысу</p>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b>          Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету</p> <p><b>Заттық әлем:</b>          Заттардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.</p> <p><b>Көлік байланыс құралдары</b>          компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылғанын білу</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b>          Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуға, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға көмек көрсету.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b>          Наурыз мейрамы</p> <p><b>Жол қозғалыс ережелері:</b>          «Жаяу жүргіншілер жолы»</p> <p><b>Табиғатпен таныстыру</b>          табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән белгілерін бақылау</p> <p><b>Өсімдіктер әлемі.</b>          Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b>          (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді,</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b>          отбасы мүшелерін жақсы көреді, оларға алғыс айтады, сыпайы сөйлей алады          заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтайды және олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттай алады          компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын біледі          айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады          Наурыз мейрамы туралы түсінеді          жол қозғалысының қарапайым ережелерін біледі          табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы біледі;          тірі объектілердің өсуі мен дамуы үшін су, жарық, ауа, қорек және айналасындағылардың қамқорлығы қажет екенін түсінеді;</p>
--------------------------------	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> етістіктерді жалғаулармен қолдану,</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті</b> эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> сөздегі дыбыстардың орнын анықтай алады қазақ халқының құндылықтарын құрметтей біледі етістіктерді жалғаулармен қолданып айта алады негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды, өз пікірін айтады әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстай біледі</p>

<b>Көркем әдебиет</b>	Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды; тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады.
<b>Сауат ашу негіздері</b>	Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу <b>Күтілетін нәтижелер:</b> қаламды дұрыс ұстай алады; жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады
<b>Математика негіздері</b>	<b>Жиын:</b> жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау <b>Сан, санау:</b> Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. <b>Шама:</b> заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. <b>Геометриялық пішіндер:</b> бүтін мен бөлікті салыстыру, <b>Кеңістікте бағдарлау.</b> Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. <b>Уақытты бағдарлау.</b> қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіріп санай алады әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтап, топтарды санай отырып салыстыра біледі. заттар тобынан сәйкес келмейтін затты бөліп атай алады әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) қағаз бетінде бағдарлай біледі, түрлі сызықтарды салады.

Қоршаған ортамен танысу.

**Бала, оның отбасы, үйі:**

үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру

**Заттық әлем:**

Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.

**Көлік байланыс құралдары**

ұялы телефон, смартфон, компьютер оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау

**Еңбекке баулу.**

өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсету

**Адамгершілік және патриоттық тәрбие.**

Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.

**Жол қозғалыс ережелері:**

«Велосипедке арналған жол

**Табиғатпен таныстыру**

табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән белгілерін талдау, салыстыру, ажырату.

**Өсімдіктер әлемі.**

Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Жануарлар әлемі.**

Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу )

**Күтілетін нәтижелер:**

қолынан келгенше көмектесуге тырысады;

балабақшаның үй-жайларында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай алады

ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын біледі

құрдастарының еңбегін бағалайды оларды құрметтей біледі

Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін біледі, оларды құрметтейді

жол қозғалысының қарапайым ережелерін біледі

қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат объектілеріне қамқорлық танытады;

бидайды өсіретін және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтейді және бағалайды

жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратады, құстардың пайдасын біледі, оларға

қамқорлық жасайды

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> етістіктерді жалғаулармен қолдану,</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау</p> <p><b>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті</b> эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> сөздегі дыбыстардың орнын анықтай алады қазақ халқының құндылықтарын құрметтей біледі етістіктерді жалғаулармен қолданып айта алады негізгі ойды дұрыс тұжырымдайды, өз пікірін айтады әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстай біледі</p>
	Көркем әдебиет	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Қойылымдағы өзінің рөлін мінерлі, дербес орындайды;</p>
	Сауат ашу негіздері	<p>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p>

		Жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңестікті ажыратады;
<b>Математика негіздері</b>		<p><b>Жиын</b> «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p><b>Сан, санау</b> Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p> <p><b>Шама.</b> Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер.</b> 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру.</p> <p><b>Кеңестікті бағдарлау.</b> Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b> Қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> <p><b>Күтілетін нәтижелер:</b> Бір сөздің заттың мағынасын, бірнеше сөздің мағынасы ретінде қолдана алады; Заттардың көлемі, пішініне арасындағы қашықтықты орналасуын бағыттап алады; Заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп ала біледі; Бірнеше бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыра алады; Қағаз парағын кеңестікте бағдарлай алады; Дәптердің бетіне тор көздерді пайдаланып қисық және қиғаш сызықтарды сыза алады.</p>
<b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>		<p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b> Алғыс айту, сыпайы сөйлеу.</p> <p><b>Заттық әлем, кеңестікті бағдарлау.</b> Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.</p> <p><b>Көлік байланыс құралдары.</b> Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b> Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің - Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлының, Әлия Молдағұлованың, Мәншүк</p>

Мәметованың, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.

**Жол қозғалысы ережелері.**

«Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.

**Табиғатпен таныстыру.**

Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.

**Өсімдіктер әлемі.**

Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

**Жануарлар әлемі.**

табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

Велосипедке арналған жолдарды біледі, жол белгілерін біледі;

Алғыс айту, сыпайы сөйлеудің біледі;

Балабақшаның үй-жайларында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлайды;

Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолдануын біледі;

Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады;

өз Отанын жақсы көреді, Қазақстан әскері туралы түсінігі бар; Кеңес Одағының батырларын біледі, оларды құрметтейді; өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай

біледі; еңбек студе, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылады;

адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін біледі;

нанға ұқыпты қарайды, адамдардың еңбегін құрметтейді;

жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастырады;

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Қазақстан Республикасындағы «Білім туралы заңнама». Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2009ж;
- 2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты; ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 ж 3 тамыз № 348 бұйрығы
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 ж 14 қазан № 422 бұйрығы;